

## ПРОФЕССОР Ү.С. ЖЕКЕБАЕВТЫҢ ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



А.Ә. БИЕБАЕВА,  
з.ғ.к., ҚазГЗУ қылмыстық,  
қылмыстық-атқару құқығы  
және криминология  
кафедрасының доценті

Профессор Узыке Сикунбайұлы Жекебаевтың түрлі бағыттағы ғылыми ізденістерінің ішінен авторлар ғалымның қылмыскер тұлғасын, әсіресе оның әлеуметтік-психологиялық және уәждемелік салаларын криминологиялық зерттеуге қосқан үлесіне мұқият тоқталады. Мақалада профессор Ү.С. Жекебаевтың әлеуметтік психологияның жетістіктерін криминологиялық мақсаттарда тереңғылыми түйсінуге негізделген қылмыскер тұлғасының қажеттіліктерін, мүдделерін және қоғамға жат ұстанымдарын ұғынудағы ХХ ғасырдың екінші жартысы үшін жаңа болып табылатын көзқарастары талданады.

*Түйінді сөздер: қылмыскер тұлғасы, қылмыскер тұлғасының құрылымы, қажеттіліктер, мүдделер, қылмыс уәждемесі, тұлғаның қоғамға қарсы бағыттылығы, уәждер күресі, санасыз уәждер, референттік топтар.*



Ф.С. ЖАҚСЫБЕКОВА,  
з.ғ.к., ҚазГЗУ қылмыстық,  
қылмыстық-атқару құқығы  
және криминология  
кафедрасының доценті

Тарихи тұрғыдан алғанда криминология ғылымының дамуын қылмыстылықтың себептері және онымен күрес шаралары туралы сан алуан идеялардың қақтығысы деп сипаттауға болады. Бұл идеялардың бірі қылмыстылықты ауыздықтау мүмкіндігін мүлде жоққа шығарса, басқа біреулері қылмыстылықты бақылауға алуды ұсынады, ал кейбіреулері – қоғамды, тіпті адам болмысын радикалды өзгерістерге ұшырату қажеттігін негіздейді.

Кеңес заманында идеологиялық себептер бойынша криминологиялық зерттеулерге тыйым салынған кезеңдер (1930-1960 жылдар) болғанына қарамастан, кеңес криминологтары қылмыстылықты, оны өзінің салдары ретінде туындататын себептер кешенін рационалистік тұрғыдан тану, сонымен қатар бұл жағымсыз әлеуметтік құбылыстың алдын алудың біртұтас жүйесін тұжырымдау бағытында біршама жетістіктерге қол жеткізді. Соның арқасында бүгінгі күнге дейін отандық криминологияның теориялық тұғырнамасын Кеңес қылмыстанушыларының іргелі зерттеулері (әрине, идеологиялық стереотиптерден арылған қалпында) құрап келеді. Ғылым салаларының дамуындағы

дәстүр жалғастығы кешегі мен бүгінгі күнді байланыстыратын көпір деп қарайтын болсақ, өзінің өміршеңдігін дәлелдеген тәжірибелер мемлекетті тиімді басқару үшін пайдаланылуы керек.<sup>1</sup>

Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап криминология ғылымының зерттеу пәнінің дербес элементі ретінде қылмыскер тұлғасы қарастырылады. Қазақстандық криминологиядағы қылмыскер тұлғасын, оның ішінде оның әлеуметтік-психологиялық бет-бейнесін, тұлғаның уәждемелік (мотивация) саласын зерттеудің негізін қалаған бірегей ғалым – Ү.С. Жекебаев. Қылмыскер тұлғасын зерттеудің маңыздылығын ғалым: «Криминология қылмыстылықтың жағдайын, динамикасын, себептерін зерделейді, бірақ қылмыскер тұлғасын зерттемей, аталған құбылыстарды талдау мүмкін емес», – деп көрсетеді.<sup>2</sup>

Ү.С. Жекебаевтың қылмыскер тұлғасының құрылымы мен типтері жан-жақты ғылыми сараптамаға салынған алғашқы туындысы – 1971 жылы жарық көрген «О социально-психологических аспектах преступного поведения (на материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества)» монографиясы. Аталған еңбек кеңестік қана емес,<sup>3</sup> шетелдік мамандардың да қызығушылығын туғызып, лайықты бағасын алды.<sup>4</sup>

Қылмыскер тұлғасын криминологиялық тұрғыдан зерттеушілерді индивидтің оны қылмыс жасауға алып келген адами, әлеуметтік-психологиялық қасиеттері, қоғамға жат көзқарастарының, дағдылар мен әдеттерінің қалыптасу көздері қызықтырады. Бұл орайда қылмыскер тұлғасы жалпы қылмыстылықтың, сондай-ақ қылмыстық мінез-құлық тетігінің аясында нақты қылмыстың детерминанттарымен тығыз байланыста зерделенеді. Нақты қылмыстың себептері мен шарттарын анықтау өз кезегінде, қылмыстың уәждерін (мотив) талдауды қажет етеді.<sup>5</sup>



Профессор Ү.С. Жекебаев

<sup>1</sup>Жекебаев У.С. К вопросу о преемственности в уголовном праве // Право и государство. 2013. № 3 (60). С. 43.

<sup>2</sup>Жекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения (на материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества). Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1971. С. 32.

<sup>3</sup>Советское государство и право. 1972. №11. С.140-142.

<sup>4</sup>Қараңыз: Revue de science criminelle et de droit penal compare. Paris, 1972. № 4. P. 990-991; Staat und Recht. Berlin, 1974. Lit 3. S. 513-518.

<sup>5</sup>Жекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения (на материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества). Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1971. С. 19.



Профессора М. Т-М. Баймаханов и У.С. Джекебаев на Ученом совете КазГЮУ, посвященном 80-летию У.С. Джекебаева. 2007 г.

Әр адамды қылмысты мінез-құлық үлгісін тандап алуға алып келген ерекше субъективтік себептерді зерттеудегі криминологияның түпкі мақсаты – солардың негізінде индивидтердің жиі қайталанатын және салыстырмалы түрде тұрақты әлеуметтік қасиеттерін анықтап, қылмыскер тұлғасын типтерге бөлу. Соңғы мәселе бойынша профессор қылмыскер тұлғасын топтастырғанда екі жайтты: бір жағынан, жасалған қылмыстың сипатын, екінші жағынан, құқық бұзушының тұлғалық қасиеттерін – қажеттіліктерін, мүдделерін, құндылық бағдарын басшылыққа алу керек деп санайды.<sup>6</sup>

Кеңес криминологиясында қылмыстылықтың детерминанттарының қатарында «ескіліктің сарқыншағы» – социализмге дейінгі әлеуметтік-экономикалық құрылыстан қалған мұра – жиі аталатын. Профессор У.С. Жекебаев бұл идеологиялық постулатты толық жоққа шығармаса да, өз заманы үшін белгілі бір батылдықпен қылмыстың барлық түрлерін осы себеппен түсіндіруге болатынына күмән келтіреді. Осы ойын өрбіте келе, ғалым қылмыстылықтың объективтік және субъективтік себептерін бөлек қарастыру қажеттігін негіздейді, ал ол үшін әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық, рухани қоғамдық қатынастардың қылмыстылыққа әсерін білу керек деген тұжырымға келеді.<sup>7</sup>

<sup>6</sup>Джекебаев У.С. Криминологическое изучение личности преступника и преступного поведения: Автореф. дисс. ... д.ю.н. М., 1974. С. 23.

<sup>7</sup>Джекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения (на материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества). Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1971. С. 25.

Қылмыскер тұлғасы туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру үшін тұлғаның қоршаған болмыспен өзара қатынасын зерттеумен қатар, «санқилы қобалжулардан, сезімдерден, уәждерден және мінез-құлықтан көрініс беретін индивидтің әлеуметтік қатынастарының субъективтік қырларын да зерттеу қажет». Олай болса, қылмыскер тұлғасын зерттеуді мақсат етіп қойған заңгердің әлеуметтану және психология ғылымдарынан да хабары болуы керек. Профессор Ү.С. Жекебаев өзінің қылмыскер тұлғасын зерттеуге арналған еңбектерінде әлеуметтану, психология ғылымдарының сол кездегі жетістіктерін кеңінен қолданып, өз білімінің жан-жақтылығын паш етеді.

Психология мен әлеуметтік психологияның жетістіктерін кеңінен қолдану қылмыскерлердің уәждемелік саласын өзгерту, адамдардың бойында қоғамға жат ұстанымдардың қалыптасуына, олардың іске асуына жол бермеу үшін қажет. Олай болса, сотталғандармен тәрбиелік шараларды жүргізетін мамандардың қылмыскер тұлғасының ішкі дүниесі, психикалық әлемі, қылмыс жасауға себепші болатын мән-жайлар туралы жүйеленген білімдері болуы керек.<sup>8</sup>

Криминологияда тұлғаның қасиеттері мен қатынастары *қылмыскер тұлғасының құрылымы* деп аталатын криминологиялық тұрғыдан маңызды біртектес топтарға бөлінеді. Түрлі ғалымдар қылмыскер тұлғасының құрылымында бөліп қарастыратын элементтердің атауы да, саны да, мазмұны да бірдей емес. Профессор Ү.С. Жекебаев өз еңбектерінде қылмыскер тұлғасының құрылымында мынадай үш элементті қарастырады: әлеуметтік-демографиялық белгілері; қажеттіліктері мен мүдделері; қоғамға жат ұстанымдары. Әлеуметтік-демографиялық қасиеттер өздігінен тұлғаны қылмыскер ретінде сипаттай алмайтынын ескере отырып, ғалым қылмыскер тұлғасының құрылымында соңғы екі элементке ерекше мән береді: қоғамға жат қылмысты әрекеттерді жасайтын адамдардың өмірлік ұстанымдарын, қоршаған болмысқа, адамдар мен қоғамға қатынасын білмей, олардың қажеттіліктерін, мүдделерін, әрекеттерінің уәждерін зерттемей, қылмыстылықтың алдын алудың тиімді шараларын ұсыну мүмкін емес.<sup>9</sup>

Қылмыстылықпен күрес шараларын дайындағанда, ұйымдастырғанда және жүзеге асырғанда профессор Ү.С. Жекебаевтың мына сөздерін әрқашан есте ұстау қажет: «... тұтастай алғанда қылмыскерлер заңға бағынатын адамдардан білімімен де, ойлау қисынымен де еш ерекшеленбейді, тек олардың өзгеше қалыптасқан қоғамға жат бағыттылықпен сипатталатын қажеттіліктері, мүдделері, сенімдері және құндылықтар бағдары болады».<sup>10</sup>

Ғалым *қажеттіліктерді* таза әлеуметтік-экономикалық категория деп қарастырудан аулақ, ол қажеттіліктерді субъективтік қырынан тұлғаны белсенділікке итермелейтін ішкі күш ретінде зерделейді және бағыттылығы бойынша оларды

<sup>8</sup> Жекебаев У.С., Рахимов Т.Г., Судакова Р.Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. Алама-Ата: Наука, 1987. С. 90.

<sup>9</sup> Жекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения (на материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества). Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1971. С. 33.

<sup>10</sup> Жекебаев У.С., Рахимов Т.Г., Судакова Р.Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. Алама-Ата: Наука, 1987. С. 89-90.

материалдық, рухани және әлеуметтік (қоғамдық) қажеттіліктер деп топтастырады. Ғалымның пікірінше, криминологияның мақсаты – қажеттіліктердің адамның қоғамға жат мінез-құлқын түсіндіретін факторлар жүйесіндегі орнын анықтау.

Профессор Ү.С. Жекебаев қанағаттандырылмаған қажеттіліктерді тұтастай қылмыстылықтың себебі деп пайымдайтын ғалымдармен (А.А. Пионтковский, В.Н. Кудрявцев) келіспей, қанағаттандырылмаған жеке қажеттіліктер жекелеген қылмыстардың (негізінен пайдакүнемдік) ғана түрткісі бола алады деп санайды. Оның өзінде қажеттіліктердің адамды белсенділікке итермелейтін ішкі күш екендігін мойындайтын ғалым қажеттіліктерді «индивидтің әлеуметтік ұстанымы мен құндылықтар бағдары көрініс беретін мүдделермен, моральдық сезімдермен (борыш, жауаптылық, ұждан алдындағы опыну және т.б.) өзара байланыста және өзара әрекеттестікте қарастыру қажет», – деп жазады.<sup>11</sup>

Ғалымның пікірінше, қажеттіліктердің адам мінез-құлқына әсері *мүдделердің* делдалдығы арқылы жүзеге асады. Сондықтан ол мүдделерді адамдардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттерінің тікелей көзі ретінде қарастырады. Қажеттіліктер мен мүдделердің өзара қарым-қатынасы күрделі, құбылмалы, әрі қоғам өмірінің (экономика, саясат, құқық) дамуы және күрделенуімен бірге өрбиді. Қажеттіліктер мен мүдделердің диалектикалық байланысын ғалым былайша сипаттайды: «егер саналы қажеттіліктер мүдде нысанында көрініс беретін болса, қажеттіліктермен шартталған мүдделер енжар қалмай, жаңа қажеттіліктердің қалыптасуы мен пайда болуына белсенді әсер етеді».<sup>12</sup> Дегенмен, ғалым мүдденің қалыптасуы мен дамуындағы қажеттіліктің анықтаушы рөлін теріске шығармайды.

Адамды құқық бұзушылыққа (қылмысқа) итермелейтін мүдделер, әдетте, қоғам мен моральға жат болады. Құқық бұзушылардың мүдделерінің құрылымына мыналар тән: 1) қажеттіліктер мен мүдделер түрлерінің арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы; 2) кейбір қажеттіліктердің бұрмаланған (табиғатқа жат) сипат алуы; 3) қажеттіліктер мен мүдделердің жұтандығы; 4) оларды қанағаттандыру тәсілдерінің моральға жат болуы. Ауқымды эмпирикалық деректердің негізінде мемлекеттік меншікті жымқырушылар тұлғасының қажеттіліктері мен мүдделерінің ерекшеліктерін көрсете отырып, профессор Ү.С. Жекебаев жекелеген адамдарды қоғамдық қауіпті әрекетке баруға «қоғамдық және жеке мүдделердің арасындағы қарама-қайшылық» итермелейді деген тұжырымға келеді.<sup>13</sup>

Адамды белгілі бір әрекетке итермелейтін, оның қоғамдық болмыстың түрлі қырларына (өзге адамдарға, өзіне, қоғамдық өмірдің жекелеген құбылыстарына, тұтастай қоғамға) қатынасын баяндайтын психикалық қобалжуларды ғалым уәж (мотив) деп қарастырады және уәжде индивидтің әлеуметтік ұстанымы көрініс береді деп санайды. Криминологтарды тұлғаның қылмыс жасауына түрткі болған

<sup>11</sup>Джекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения (на материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества). Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1971. С. 61.

<sup>12</sup>Сонда. С. 61-62.

<sup>13</sup>Джекебаев У.С. Криминологическое изучение личности преступника и преступного поведения: Автореф. дисс. ... д.ю.н. М., 1974. С. 17.


қоғамға жат уәждерінің қалыптасуына қандай мән-жайлар әсер еткені, неліктен тұлғаның рухани құрылымында қоғамға жат уәждердің басымдыққа ие болғаны, бұл уәждердің қылмысты әрекеттен көрініс беруіне және жүзеге асырылуына қандай шарттар ықпалдасқаны қызықтырады.<sup>14</sup>

Әлеуметтену, яғни мәдениет пен әлеуметтік рөлдердің белгілі бір жүйесін меңгеру үдерісінің барысында тұлғаның бойында мінез-құлықтың уәждемелік құрылымының өзегі қалыптасады. Ол тұрақты болады және мінез-құлықтың доминантасын, жалпы бағытын айқындайды.

Индивидтердің қоршаған болмыстың сыртқы ынталандырғыштарына түрліше жауап беруін ғалым тұлғаның қалыптасқан бағыттылығымен түсіндіреді. Психология тұрғысынан тұлға бағыттылығының өзегін әрекет уәждерінде ашылатын дүниетаным, көзқарастар мен сенімдер құрайтын болса, адамның мінез-құлқын түсіну үшін оны қандай да бір әрекетке, қызметке итермелеген сыртқы факторды білу жеткіліксіз. Сыртқы ынталандырғыштардың уәжге айналуы тұлға құрылымы мен бағыттылығына, индивидтің ішкі ұстанымдарына тәуелді. Әрекет уәждерінің қалыптасуында, қылмысты мақсатқа жету туралы шешім қабылдауда индивидтің әлеуметтік ұстанымы, осындай ұстанымдардың сатыламасы, ұмтылыстар деңгейі мен өзін-өзі бағалауы үлкен рөл ойнайды.

Профессор Ү.С. Жекебаев қылмыстың уәждемесіне арналған еңбектерінде шартты түрде «уәждер күресі» деп аталып кеткен феноменге назар аударады. Жымқырушылар мінез-құлқының уәждемелік құрылымында бір уәж емес, бірнеше уәждердің қисындасатынын айта келе, ғалым олардың ішінде жетекші уәжге пайдакүнемдік, ашкөздік, арамтамақтық айналатынын көрсетеді.<sup>15</sup> «Уәждер күресінде» жағымсыз, ұждансыз уәждердің жағымды әлеуметтік уәждерден басым түсуін индивидке референттік топтардың әсерімен түсіндіреді.

Тұлға өзін онымен тығыз байланыстамын деп сезінетін, өз мінез-құлқының нормаларын, құндылықтары мен ұстанымдарын бөлісетін топ әлеуметтануда референттік топ деп аталады. Тұлға, әдетте, бір емес, бірнеше референттік топқа бейімделеді, олардың әрқайсысы индивид үшін белгілі бір салада үлгі (эталон) болып табылады. Осыдан келіп, ғалым референттік топтың ықпалына мойынсынып, қылмыс жасаған адамдардың жеке санасында белгілі бір моральдық және психикалық қасиеттер күні



Журнал «Право и государство» № 1 (54), 2012 г.

<sup>14</sup> Жекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения (на материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества). Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1971. С. 94-95.

<sup>15</sup> Сонда. С. 100.



Участники Конференции 2012 г. в КазГЮУ посвященной 85-летию У.С. Жекебаева

бұрын қалыптасып қойған және олар индивидтің белгілі бір сыртқы ықпалға қылмыс жасау нысанында жауап беруге ішкі дайындығынан көрініс береді деген тұжырым жасайды.<sup>16</sup> Криминогендік уәждемеге референттік топтардың әсері профессор У.С. Жекебаевтың бұдан кейінгі еңбектерінде де лайықты жалғасын тапты.<sup>17</sup>

Әрбір адам тұтастай қоғамның элементі болумен қатар белгілі бір әлеуметтік топқа да тиесілі. Сол себепті тұлғаның қалыптасуына және осы тұлғаның әлемді қабылдауына мемлекет тарапынан ресми құптау алған материалдық және рухани құндылықтармен бірге оның жақын тұрмыстық қоршауындағы нормалар, әдеттер мен ережелерде көрініс тапқан және үйреншікті сана деңгейінде қызмет ететін құндылықтар да әсер етеді. Осының салдарынан тұлға белгілі бір әлеуметтік рөлдер жүйесі мен мәдениетті меңгергенде жағымды құндылықтарды да, жалған құндылықтарды да бойына сіңіріп алуы мүмкін. Әлеуметтену барысында қабылданған жалған құндылықтар тұлға үшін жүріс-тұрыс бет алысын таңдауда шешуші мәнге ие болатын тұрақты ішкі факторға айналып кетеді. Бұл адамға аталған құндылықтар шынайы болып көрінеді және ол солар үшін қоғам ұсынатын құндылықтарды елемеуге, олардан бас тартуға дайын.<sup>18</sup>

У.С. Жекебаев кейбір адамдар өздерін қылмысты жолға алып келетін ұждансыз пиғылдарды (өзімшілдік, даңққұмарлық, дүниеқоңыздық, көре алмаушылық, кекшілдік және т.б.) қайдан «жұқтырып» алады деген сауал қояды. Кеңес ғалымдары бұл сұрақтың жауабын бергенде, әдетте, «қоғамдық болмыс пен сананың дамуындағы

<sup>16</sup>Сонда. С.102-104.

<sup>17</sup>Қараңыз: Жекебаев У.С. Теории референтных групп и криминологические проблемы // Предупреждение преступности – важнейшая составная часть государственной политики: проблемы, решения, перспективы». Алматы, 2004.

<sup>18</sup>Джекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения (на материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества). Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1971. С. 106.

қарама-қайшылықтарға», «буржуазиялық идеология мен психологияның әсеріне», «идеологиялық-ұйымдастырушылық жұмыстағы кемшіліктерге» сілтеме жасайтын. Дәстүрлі ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шықпаса да, профессор Ү.С. Жекебаев қылмыстық мінез-құлық негізінде жатқан көзқарастарды «жұқтырып» алудың әлеуметтік-психологиялық «механизмі» әлдеқайда күрделі екенін көрсетіп, жоғарыдағы сұрақтың жауабын «қатынас» саласынан іздеу керек дейді.<sup>19</sup>

Қатынас барысында адамдар бір-біріне әсер етеді (ақпарат беру, сендіру, азғыру), тәжірибе алмасады – нақты дағдыларымен немесе тұтастай өмір салтымен бөліседі. Олай болса, қатынас, нақты айтқанда, жақын ортамен қатынас криминологиялық маңызға ие. Ғалым еңбектерінде тұлғаның әлеуметтік ұстанымдарының қалыптасуына отбасының, мектептің, көшенің, еңбек ұжымының әсері көрсетіледі. Бұдан тыс жақын қоршаған ортамен өзара әрекеттесудің әдіс-тәсілдері және оның ықпалымен индивид басынан кешіретін сезімдер де ғалым назарынан тыс қалмайды. Құқық бұзушылардың қоғамға жат ұстанымдарының қалыптасуындағы сезімдердің рөлін зерттегенде ғалым *еліктеуге* ерекше тоқталады<sup>20</sup> және оны индивидтердің (мысалы, кәмелетке толмағандардың) ұсақ әлеуметтік топтардың (мысалы, қылмыстық топтардың) құрамындағы мінез-құлқының ерекшеліктерін түсіндіру үшін пайдаланады.<sup>21</sup> Әрбір тарихи кезеңде қылмыстылықтың «негізгі буынын» анықтап алып, соған әсер ету жолымен тұтастай қылмыстылық жағдайында жағымды өзгерістерге қол жеткізуге болады деп санайтын ғалым өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі қылмыстылықтың «негізгі буыны» ретінде кәмелетке толмағандар мен жастардың қылмыстылығын атайды.<sup>22</sup>

Профессор Ү.С. Жекебаев – кеңестік криминологияда уәждер саналы да, санасыз да болуы мүмкін деп санайтын психологиялық теорияларға сүйене отырып, қылмыстың санамен қамтылмайтын (санасыз) уәждері проблемасын алғашқылардың бірі болып көтерген ғалым. Аталған мәселедегі өзінің негізгі ойларын профессор 1983 жылы жарық көрген «Мотивация преступления и уголовная ответственность» тақырыбындағы ұжымдық монографияның «Неосознаваемые мотивы преступного поведения и их значение в криминологии» атты тарауында баяндайды.<sup>23</sup>

Қылмыстық мінез-құлықтың санасыз уәждері проблемасын профессор Ү.С. Жекебаев адамның рухани өмірінің кез келген құбылысын саналы және санасыз құштарлықтар күресінің салдары деп қарастыратын З. Фрейдтің теориясын басшылыққа ала отырып көтереді. З. Фрейдтің санасыздың адам мінез-құлқындағы рөлі туралы ілімі кеңестік ғылымда теріске шығарылғандықтан, қылмыстық мінез-құлықтың санасыз уәждері проблемасын көтеруде бірқатар қиындықтармен ұшырасқанын профессор Ү.С. Жекебаев Ресейдің белді криминологиялық журналына берген сұхбатында айтады.<sup>24</sup>

<sup>19</sup>Сонда. С. 123-124.

<sup>20</sup>Сонда. С. 139-146.

<sup>21</sup>Сонда. С. 152.

<sup>22</sup>Джекебаев У.С., Рахимов Т.Г., Судакова Р.Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. Алама-Ата: Наука, 1987. 192 с. С. 93.

<sup>23</sup>Сонда С. 39-101.

<sup>24</sup>Интервью с профессором Узыке Сикунбаевичем Джекебаевым // Криминология: вчера, сегодня, завтра. 2012. № 25. С. 85.





Выступление У.С. Жекебаева на презентации монографии «Конституция и эволюция общества». Ноябрь, 2016 г.

3. Фрейд санасыз деп іске асырылмаған құштарлықтарды түсі-неді, олар элеуметтік нормалармен қақтығыста болуы себепті «ығыстыру» (рационализация, сублимация) тетігінің көмегімен санадан шеттетіледі. Адамның кез келген ойының, қадамының, мақсат-мұраттарының астарында құштарлық жатыр деп пайымдайтын австриялық психиатрдың іліміне тұтастай сыни көзбен қараса да Ү.С. Жекебаев «ығыстыру» тұжырымдамасына мінез-құлықтың санамен түйсінілмейтін уәждерінің табиғатын түсінуде арқа сүйеуге әбден болады деген қорытындыға келеді.<sup>25</sup> Ығыстырудың негізінде мінез-құлықтың бірін-бірі теріске шығаратын үрдістерінің арасындағы қарама-қайшылық, басқа сөзбен айтқанда, адамның қарама-қайшы

әрекеттер жасауға ұмтылысы жатыр.

Санадан тыс уәждер «таза» түрде уәжсіз бұзақылықтарда ұшырасатындықтан, профессор Ү.С. Жекебаев «ығыстыру» тұжырымдамасын ең бірінші кезекте бұзақылықтың және өзге де ұждансыз уәждердің ықпалымен жасалатын қылмыстардың себебін түсіндіру үшін қолданады.

«Уәжсіз» қылмыстарды а) барабар емес уәждер бойынша жасалатын қылмыстар, ә) орнын басушы әрекеттер және б) кейінге қалдырылған әрекеттер деп топтастыратын Б.Я. Петелиннің<sup>26</sup> ұстанымын басшылыққа ала отырып, профессор Ү.С. Жекебаев нақты қылмысты жасауға түрткі болған уәждер бөлек емес, әрекеттің өзге құрылымдарымен, қылмысты мақсатқа жетудің тәсілдерімен және құралдарымен бірлікте қарастырылуы керек деген ой қорытады. Уәжсіз қылмыстар санадан тыс уәждердің ықпалымен жасалады, қоғамға жат мінез-құлқының себебін, яғни «шынайы уәждерін» тұлғаның өзі де түйсінбейді. Осындай уәждердің табиғатын түсіндіру үшін ғалым психиканың ерекше қорғаныс тетігі болып табылатын «ығыстыру» тұжырымдамасына жүгінеді.

Психологиялық қорғаныстың көмегімен кез келген тұлға қарама-қайшылықты ұғынудан туындайтын мазасыздық сезімін мүлде жояды немесе азайтады. Психологиялық қорғаныс сананы қалаулы емес және жанды жаралайтын

<sup>25</sup> Жекебаев У.С., Рахимов Т.Г., Судакова Р.Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. Алама-Ата: Наука, 1987. 192 с. С. 50.

<sup>26</sup> Қараңыз: Механизм преступного поведения. М., 1981. С. 69-74.

қобалжулардан арашалайды, ішкі тұрақтылықтың шайқалуына жол бермейді.<sup>27</sup> Санасыздың өзіндік ерекшелігі мынада: қобалжулар жаншылған, тұншықтырылған жағдайларда оны санамен түйсіну жолында мықты тосқауылдар қойылады. Егер ығыстырылған құштарлық ақылдың қарсылығын жеңе алмайтын болса, ол сыртқа айналма жолдармен, бүркемеленген нысанда шығады. Санасыздың қандай нысан қабылдап, қандай әрекетке (мысалы, қылмысқа) ұласатыны индивидтің тұлғалық ерекшеліктеріне және нақты өмірлік жағдайларға тәуелді.

Психиканың қорғаныс тетіктерінің қатарында профессор Ү.С. Жекебаев ығыстырудан тыс кескіндеуді (яғни, адамның өзінің жағымсыз қасиеттері мен уәждерін басқа адамдарға таңуы), орнын басуды (яғни, бір саладағы шиеленісті өзге салаға ауыстыру), оқшаулануды (яғни, кедергілерден қашу), сәйкестендіруді (индивидтің өзін басқа өзіне эмоционалдық тұрғыдан жақын адамдарға теңестіруі, еліктеуі) қарастырады. Аталған психологиялық категорияларды криминологиялық мақсаттарда қолдана келе, ғалым кескіндеу – қажетті қорғаныстың шегінен шығу туралы істерге, жыныстық қылмыстарға, бұзақылыққа; орнын басу – зорлықшыл қылмыстар мен бұзақылыққа; оқшаулану – қаңғыбастыққа салынуға; сәйкестендіру – өмірге, денсаулыққа, ар-намыс пен қадір-қасиетке қарсы қылмыстарға, жаппай тәртіпсіздікке, топ болып жасалған бұзақылыққа тән деген ой қорытады.<sup>28</sup>

Қылмыс уәждерінің саналы да, санасыз да болатынын мойындау ұзақ уақыт бойы уәж бен мақсат категориялары тек қана қасақана қылмыстарға тән деп санап келген қылмыстық құқық ғылымының тұжырымдамалық негізін шайқалтады. Санадан тыс уәждердің жетегімен жасалатын қылмыстардың ұшырасуы қасақана кінәнің мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Бұл болса, профессор Ү.С. Жекебаевтың пікірінше, санамен қамтылмайтын немесе толық көлемде қамтылмайтын уәждермен жасалатын қылмыстар туралы сот-тергеу тәжірибесін арнайы зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Ғалым психологиялық қорғаныс идеясына жазаның тиімділігін бағалау үшін де жүгінеді. Сотталғандардың өтеп жүрген жазасының аясында қолданылатын ықпал ету шараларын оң қабылдап, түзелуінің жолында психологиялық қорғаныс тетігі кедергі болуы мүмкін деген болжам жасайды. Өзін-өзі ақтаудың түрлі тәсілдерін қолдану қылмыскерге өміріндегі сәтсіздіктерге дұрыс баға беріп, олардан сабақ алып, жүріс-тұрыс бағытын өзгертуге мүмкіндік бермейді.<sup>29</sup>

Профессор Ү.С. Жекебаев: «Мен үшін теориялық және ғылыми ізденістер түпкі мақсат емес, кересінше, мен құқықтық тәжірибеге, қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге апарар жол іздейтінмін», – дейді.<sup>30</sup> Шынымен де ғалым өз еңбектерінде криминология ғылымының жетістіктерін қылмыстылықпен күресте қолдануға бағытталған соны идеялар тұжырымдайды. Ол өткен ғасырдың 80-жылдарының

<sup>27</sup>Интервью с профессором Узыке Сикунбаевичем Джекебаевым // Криминология: вчера, сегодня, завтра. 2012. № 25. С. 86.

<sup>28</sup>Джекебаев У.С., Рахимов Т.Г., Судакова Р.Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. Алама-Ата: Наука, 1987. 192 с. С. 69-75.

<sup>29</sup>Сонда. С. 94-95.

<sup>30</sup>Интервью с профессором Узыке Сикунбаевичем Джекебаевым // Криминология: вчера, сегодня, завтра. 2012. № 25. С. 85.

өзінде қылмыстылықпен күресті, оның ішінде қылмыстылықтың ерте алдын алуды, қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып арнайы алдын алуды ұйымдастырудың құқықтық негіздерін қалау қажеттігі туралы ұсыныс айтқан болатын. Бүгінгі күні ғалымның осы және өзге де ұсыныстары заңнамада көрініс тапса, басқа бір ұсыныстары, озық идеялары мен бастамалары өз кезегін күтуде.

**А.А. Биебаева, Ф.С. Жаксыбекова: Вклад профессора У.С. Жекебаева в криминологическое изучение личности преступника.**

Из всей палитры разноплановых научных интересов профессора Узыке Сикунбаевича Жекебаева авторы статьи детально останавливаются на его вкладе в криминологическое изучение личности преступника, особенно ее социально-психологической и мотивационной сфер. В статье проанализированы предложенные профессором У.С. Жекебаевым новые для второй половины XX столетия подходы к пониманию потребностей, интересов и антиобщественных установок личности преступника, основанные на глубоко научном преломлении достижений социальной психологии для криминологических нужд.

*Ключевые слова: личность преступника, структура личности преступника, потребности, интересы, мотивация преступления, антиобщественная установка личности, борьба мотивов, неосознаваемые мотивы, референтные группы.*

**A.A. Biebayeva, F.S. Zhaksybekova: Contribution of Professor U.S. Zhekebayev in criminological study of the criminal's personality.**

From the whole palette of diverse scientific interests of Professor Uzyke Sikunbaevich Zhekebaev, the authors of the article elaborate on his contribution to the criminological study of the criminal's personality, especially its socio-psychological and motivational spheres. In the article analyzes the proposed by Professor U.S. Zhekebaev new approaches for understanding the needs, interests and antisocial personality setting of the criminal's personality for the second half of the 20<sup>th</sup> century, based on the profoundly scientific refraction of the achievements of social psychology for criminological target.

*Keywords: criminal's personality, structure of the criminal's personality, needs, interests, crime motivation, antisocial personality setting, struggle of motives, unconscious motives, reference groups.*

**Библиография:**

1. Жекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения (на материалах криминологического изучения хищений социалистического имущества). Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1971. – 203 с.
2. Жекебаев У.С. Криминологическое изучение личности преступника и преступного поведения: Автореф. дисс. ... д.ю.н. М., 1974. – 32 с.
3. Жекебаев У.С., Рахимов Т.Г., Судакова Р.Н. Мотивация преступления и уголовная ответственность. Алама-Ата: Наука, 1987. – 192 с.
4. Жекебаев У.С. К вопросу о преемственности в уголовном праве // Право и государство. 2013. № 3 (60). – С. 43-47.

5. Жекебаев У.С. Теории референтных групп и криминологические проблемы // Предупреждение преступности – важнейшая составная часть государственной политики: проблемы, решения, перспективы». Алматы, 2004.
6. Интервью с профессором Узыке Сикунбаевичем Джекебаевым // Криминология: вчера, сегодня, завтра. 2012. № 25. – С. 84-86.
7. Revue de science criminelle et de droit penal compare. Paris, 1972. № 4. – P. 990-991.
8. Советское государство и право. 1972. № 11. – С. 140-142.
9. Staat und Recht. Berlin, 1974. Lit 3. – S. 513-518.

#### **References (transliterated):**

1. Dzhekebaev U.S. O social'no-psihologicheskikh aspektah prestupnogo povedeniya (na materialah kriminologicheskogo izucheniya hishchenij socialisticheskogo imushchestva). Alma-Ata: Izd-vo «Nauka», 1971. – 203 s.
2. Dzhekebaev U.S. Kriminologicheskoe izuchenie lichnosti prestupnika i prestupnogo povedeniya: Avtoref. diss. ... d.yu.n. M., 1974. – 32 s.
3. Dzhekebaev U.S., Rahimov T.G., Sudakova R.N. Motivaciya prestupleniya i ugolovnaya otvetstvennost'. Alama-Ata: Nauka, 1987. – 192 s.
4. Zhekebaev U.S. K voprosu o preemstvennosti v ugolovnom prave // Pravo i gosudarstvo. 2013. № 3 (60). – S. 43-47.
5. Zhekebaev U.S. Teorii referentnyh grupp i kriminologicheskie problemy // Preduprezhdenie prestupnosti – vazhnejshaya sostavnaya chast' gosudarstvennoj politiki: problemy, resheniya, perspektivy». Almaty, 2004.
6. Interv'yu s professorom Uzyke Sikunbaevichem Dzhekebaevym // Kriminologiya: vchera, segodnya, zavtra. 2012. № 25. – S. 84-86.
7. Revue de science criminelle et de droit penal compare. Paris, 1972. № 4. – P. 990-991.
8. Sovetskoe gosudarstvo i pravo. 1972. № 11. – S. 140-142.
9. Staat und Recht. Berlin, 1974. Lit 3. – S. 513-518.